



«БІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ!» СУРЕТ БАЙҚАУЫ

23.02.2018 күні «Біз Қазақстанның болашағымыз!» тақырыбында 1-2 курс студенттері арасында сурет байқауы өтті.

КӨРМЕ

14.02.2018ж. Үйірме жұмысы кеңесі төрайымы Ж.Р. Алтынбекованың ұйымдастыруымен Астананың 20 жылдығына орай үйірме жетекшілерінің ұйымдастыруымен "Тәуелсіздік тірегі- Астана" тақырыбында үйірме жұмысының көрмесі өтті.

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

13.02.2018ж. ТарМПУ-нен диплом алды тәжірибеден өтуге келген студенттің өз жұмысын көрсету мақсатында "Құқықтық сауаттылық-заман талабы" атты дөңгелек үстел өтті. Жауапты оқытушы: А.Б.Амангелдиева. Іс-тәжірибеден өтуші: А.Н. Әбдіғали.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

27.02.2018 ж. Қалалық мәдениет үйінде "М. Мақатаев көркемөз оқу шеберлерінің қалалық байқауы" өтті.

Колледжден 105 топ студенттері Н.Темірболат пен Д.Серікова қатысып, екеуі де алғыс хатпен марапатталды.

Жетекшісі: Ә.Т. Мәдімарова мен Н.Ж. Абдраймова.


01.03.2018 ж. Жамбыл облыстық мүгедектерді оналту және бейімдеу орталығында жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Д.Б.Уркимбаева мен студенттер кәсіподақ ұйымының төрайымы А.Б.Қырықбаеваның ұйымдастыруларымен «Өмірге риза болып алғыс айт» мерекелік концерттік бағдарлама өткізілді. Іс-шара барысында Жамбыл облыстық мүгедектерді оналту және бейімдеу орталығының директоры Г.Бектасова студенттерге алғысын білдіріп, колледж директоры Ж.Сарыбековаға алғыс хат табыс етті.





16.02.2018 ж. ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы «Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі жобасында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетімен бірігіп, Шымкент қаласында «Н.Ә.Назарбаев феномені: саяси ұстанымы мен бастамалары» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына колледждің «Емдеу ісі» бөлімі 301 топ студенті Е.Қыпшақпаев және 113 топ студенті К.Сүйінбекұлы қатысып, сертификатпен марапатталды.



Қазақстан Республикасының Елорда-Астана қаласының 20 жылдығын мерекелеуді ұйымдастыру және Жамбыл медициналық колледжінде студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында I-курс студенттері арасында өткізілетін қол күрес жарысы өтті.



Жамбыл медициналық колледжінің «Емдеу ісі» бөлімі, 405 топ студенті Серікұлы Еркебұлан Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «AYU debate» клубы «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы аясында ұйымдастырған «Болашағымыз бірлікте» Ясауи кубогі атты II Республикалық пікірсайыс турнирінен жүлделі II орынды иеленді.



12 АҚПАН - ЖАМБЫЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ҚҰРЫЛҒАН КҮНІ

1936 жылы 12 ақпанда Мирзоян (қазіргі Тараз) қаласында екі жылдық мейірбикелер мектебі құрылып, 30 адам білім алды. 1945 жылдан 1948 жылға дейін «Фельдшер-акушерлік» мектебі аталып, мейірбике, фельдшер және акушерлерді дайындап шығарды. 1948 жылы мектепке училище атауы берілді. 1994 жылы Жамбыл медициналық училищесі атауы Жамбыл медициналық колледжіне ауыстырылды.



15.02.2018 ж. Жамбыл медициналық колледжінің директоры Ж.Сарыбекованың қолдауымен 12 ақпан – колледждің құрылған күніне орай №1 Қ.Сарымолдаев атындағы балалар үйінде «Мейірімділік – асыл қасиет» атты акциясы өткізілді. Іс-шара барысында концерттік бағдарламамен балаларға жақсы көңіл сыйлап, ойындар ойнатылып, 6 сахна көйлектері мен аяқ киімдер, сыйлықтар табыс етілді. Колледж оқытушылары мен студенттерге демеу көрсеткендеріңізге алғысымызды білдіреміз.

КОЛЛЕДЖДІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ МАМАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТАЦИЯДАН ӨТУІНІҢ НӘТИЖИЕСІ



Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз Қазақстандық агентігінің президенті, п.ғ.д., х.ғ.к. Ш. Қаланова Мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлігін, Институционалдық аккредиттеу туралы куәлігін колледж директоры Ж.Н. Сарыбековаға табыстады. Куәліктердің жарамдық мерзімі 2018 ж. 29 қаңтар - 2023 ж. 27 қаңтар.



*12 АҚПАН - ЖАМБЫЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ҚҰРЫЛҒАН КҮНІ

*КОЛЛЕДЖДІҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ МАМАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТАЦИЯДАН ӨТУІНІҢ НӘТИЖИЕСІ

*2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫ КОЛЛЕДЖ ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ АТТЕСТАЦИЯСЫ

*ЕЛБАСЫ Н.НАЗАРБАЕВТЫҢ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҚАҢТАР-АҚПАН АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

*«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 100 ЖАҢА ЕСІМ»

*«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 100 ЖАҢА ЕСІМ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АҚЖҮРЕК ДОСТЫҚҰЛЫ ТАҢАТАРОВПЕН КЕЗДЕСУ

*«ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ» АЙЛЫҒЫ

*АШЫҚ САБАҚТАР

*ШЕБЕР-КЛАСС

*КОЛЛЕДЖІШЛІК ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАМАНДАРМЕН КЕЗДЕСУ

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҰСЫНЫСЫНА СӘЙКЕС 1-12 АҚПАН АРАЛЫҒЫНДА «ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ: МАХАБАТ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ» АТТЫ ОНКҮНДІК ЖАМБЫЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ ШЕҢБЕРІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА

*ДІНИ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

*МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН

КЕЗДЕСУ

*"ТҮЛЕКТЕР ТАҚТАСЫ»

*«БІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ!»

*СУРЕТ БАЙҚАУЫ

*КӨРМЕ

*ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

*ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!



2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНДА КОЛЛЕДЖ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ АТТЕСТАЦИЯСЫ



20.02.2018ж. Б - корпусында аттестациядан 14 оқытушы өтті.
Жоғары біліктілік санатына 3 оқытушы: Ш.Е.Ашимова, Н.Е.Джанпеисова, Б.А.Нургабылов.

Бірінші біліктілік санатын растауға 2 оқытушы: Қ.Н.Тулегенова, Г.О.Шалғынбаева.

Бірінші біліктілік санатына 3 оқытушы: А.Б.Айдралиева, Д.Б. Баяхмет, Д.Б.Уркимбаева.

Екінші біліктілік санатына 6 оқытушы: С.Г.Бибосынова, М.Л.Ералиев, Э.Ж.Кудебаева, С.Ш.Куппанова, Р.У.Джантасова, Т.С.Алимкулова.

Комиссия төрайымы: колледж директоры **Ж.Н. Сарыбекова**

Комиссия мүшелері:

Б.К. Жарқынбеков: ҚР ДСМ ЖО қоғамдық денсаулық сақтау департаменті басшысы

Р.Б. Нуржанов: Жамбыл облысы Тараз қаласының №1 қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері

С.Р. Қасенова: «Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» ҚБ ЖОБ төрайымы

Т.К. Саурбаев: Қазақстан Республикасы медициналық Палатасының ЖО филиалы директоры

Ж.Ж. Бапанов: ЖО әкімдігі денсаулық сақтау басқармасы әкімшілік шаруашылық бөлімінің басшысы

Л.Т. Қуанышбекова: Директордың оқу – тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

К.Т. Андакулова: Директордың тәжірибе жұмысы жөніндегі орынбасары

Ж.Б. Иманбекова: Оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі

Жоғары біліктілік санатына ұсыныс берген оқытушылар шығармашылық есеп берді.

1.«Активизация познавательной деятельности на занятиях по «Истории Казахстана» тақырыбында бірінші санатты оқытушы *Ш.Е. Ашимова*.

2. «Химия пәнінде жаңа педагогикалық және инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін арттыру» тақырыбында бірінші санатты оқытушы *Н.Е. Джанпеисова*.

3. «Қазақ халқының ұлттық қозғалмалы және спорт ойындарының дене тәрбиесіндегі алатын орны» тақырыбында бірінші санатты оқытушы *Б.А. Нургабылов*.

4. «Математика және информатика» пәнінде деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын пайдалану арқылы білім сапасын арттыру» тақырыбында бірінші санатты оқытушы *К.Н. Тулегенова*.

5. «Тарих сабақтарында студенттердің танымдық және іздену қабілеттерін арттыру, жеке тұлғаны қалыптастыру» тақырыбында бірінші санатты оқытушы *Г.О. Шалғынбаева*.

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ КОЛЛЕДЖДЕ МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ БІРНЕШЕ ІС-ШАРА ӨТТІ

«Алғыс айту, игілік сыйлау» тақырыбында флешмоб



«Ізгіліктің бір ізі-алғыс айту» тақырыбында колледж ардагерлеріне «Тарихы терең, келешегі кемел білім ордасы» кітабын сыйлыққа тарту етті.



Колледж фойесінде «Ризашылық күні» тақырыбында көрме ұйымдастырылды.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҰСЫНЫСЫНА СӘЙКЕС 1-12 АҚПАН АРАЛЫҒЫНДА «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ: МАХАББАТ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ» АТТЫ ОНКҮНДІК ЖАМБЫЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ ШЕҢБЕРІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРА



05.02.2018 ж. күні Жамбыл медициналық колледжінде «Мейірімділік - асыл қасиет» атты апталығының ашылу салтанаты болды. Бірінші күні студенттер өз тілектерін қорапшаға салып, қабырғадағы баннерге де ілді. Тақырыпқа сай бейнеролик қойылып тұрды.



06.02.2018 ж. күні «Мейірім төгетін ана» тақырыбында колледж кітапханасының оқу залында көрме ұйымдастырылды.



07.02.2018 ж. күні «Алтын жүрек анамыз» тақырыбында I курс студенттер арасында мәнерлеп оқу байқауы өткізілді. Байқау нәтижесі төмендегідей болды.

I орынды иеленген Касымова Зарина 104 топ білімгері.

II орынды иеленген 101 топ білімгері.

III орынды иеленген Бостанова Әсем 108 топ білімгері.

ДІНИ ПРОБЛЕМАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ



01.02.2018 жылы Жамбыл медициналық колледжінің Б ғимаратында Жамбыл облысы әкімдігінің "Діни проблемаларды зерттеу орталығы" КММ мамандары А.Мейірбек, А.Қалмырзаев кешкі бөлім 5 курс студенттері және колледж қызметкерлері арасында дін сұрақтары бойынша брошюра таратып, түсініктеме жұмыстарын жүргізді.



14.02.-15.02.2018 жылы Жамбыл медициналық колледжі директорының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары К.Т.Андакулова Семей қаласындағы КМҚК Д.Қалматаев атындағы "Мемлекеттік медициналық колледжінің" институционалды және мамандандырылған аккредиттеу шеңберінің сырттай аудитті өткізетін сараптау комиссиясының құрамында болды.



08.02.2018 ж. «Ана, мейірім, бейбітшілік» тақырыбында I курс студенттері арасында сурет байқауы өткізілді. Бұл байқауда бас жүлдені өздерінің ерекше мағыналы суретімен «Емдеу ісі» бөлімінің 111 топ білімгерлері иеленді.



09.02.2018 ж. күні «Мейірімділік – асыл қасиет», «Милосердие – благородное качество» деген тақырыпта орыс және қазақ тілінде «Өзін-өзі тану» пәнінің оқытушылары ашық сабақтар өткізді.



10.02.2018 ж. Жамбыл медициналық колледжінің белсенді студенттері «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастырды.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының "Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру" жобасын жүзеге асыру мақсатында Жамбыл облысы және Тараз қаласы жастарына, 9-11 сынып оқушыларына, ата-аналарға ақпараттық насихаттау жұмыстарын жүргізу үшін "Ақпараттық керуен" ұйымдастырылды.

Осы жоба аясында Жамбыл медициналық колледжінің кәсіптік бағдар беру және түлектерді жұмыспен қамту маманы Кудебаева Э.Ж., оқытушылар Бибосынова С.Г., Токташева Ж.А. 07.02.2018 жылы Т.Рысқұлов атындағы №48 орта мектебінің және 21.02.2018 жылы №43 орта мектебінің 9 сынып оқушыларына колледжде оқытылатын мамандықтар туралы ақпарат беріп, шағын экскурсия жүргізді. Сонымен қатар, кәсіптік бағдар беру жұмысы кезінде оқушыларға жүректің кенеттен тоқтауы және естен тану кезінде жедел көмек көрсету дағдылары көрсетілді.

"ТҮЛЕКТЕР ТАҚТАСЫ"

15.02.2018 жылы Жамбыл медициналық колледжінің Б ғимаратында Жамбыл облысы әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының студенттік жастар және жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің бас маманы Бақтиярұлы Талас Республикасының барлық өңірлеріндегі, аймақтарындағы білім беру ұйымдарын бітіруші түлектерге арналған "Түлектер тақтасы" жобасының іске асырылуын тексерді. Тексеріс барысында ешқандай ауытқулар анықталған жоқ.



ЕЛБАСЫ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҚАҢТАР-АҚПАН АЙЛАРЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ІС-ШАРАЛАР

12-16 ақпан аралығында Жамбыл облысы кино орталығымен байланыс жасап Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Елбасы туралы кинолар көрсетілді.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Құқық сауаттылығы заман талабы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шақырылған қонақ Холашов Серик Аябекович.



Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Отбасы бақыт мекені» тақырыбында 1 курс студенттер арасында тренинг өтті.



Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2 курс «Мейіргер ісі» мамандығының 209 топ студенттері «Өлкетану» сабағында Облыстық өлкетану мұражайына «Туған өлкем – тұнған шежірем» тақырыбы бойынша саяхатқа барды.



Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 1-2 курс арасында «Спорт-денсаулық кепілі» тақырыбында шахмат пен үстел теннисінен жарыстар өткізілді.

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 100 ЖАҢА ЕСІМ»



Жамбыл облысында «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын ілгерілету бойынша, Жамбыл медициналық колледжінде 23.02.2018 ж. күні «Жамбыл облысындағы 100 жаңа есім» жобасының жеңімпаздары тақырыбында ақпараттық стенд әзірленді.

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі «Балдаурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығының ұйымдастыруымен өткен «Патриотизм-рухани жаңғырудың берік іргетасы» қазақстандық жас патриоттардың ІІ Республикалық форумы 2018 жылдың 21-23 ақпан аралығында өтті. Жамбыл медициналық колледжінен «Емдеу ісі» мамандығы 115 топ студенті, қазақстандық жас патриоттар Академиясының мүшесі Перзентбай Дильнур тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.Мейрманованың жетекшілігімен форумға қатысып өзінің жасаған баяндамасын жоғары деңгейде көрсете білді. Осындай жас патриоттар тәрбиелеген үшін колледж директоры Ж.Сарыбековаға «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығының директоры М.Б.Төлепбай өз алғысын айтып, сертификат тапсырды. Дәл осындай сертификатты тәрбие жұмысының меңгерушісі Л.Мейрманова және студент Д.Перзентбайда иеленді.



«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 100 ЖАҢА ЕСІМ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АҚЖҮРЕК ДОСТЫҚҰЛЫ ТАҢАТАРОВПЕН КЕЗДЕСУ



2018 жылдың 27 ақпанында 82 жылдық тарихы бар Жамбыл медициналық колледжінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық

мақаласының «Қазақстанның 100 жаңа есім» жобасына Жамбыл облысынан енген Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, еркін күрестен Қазақстанның 4 дүркін чемпионы, бірнеше дүркін халықаралық біріншіліктердің жеңімпазы, Азия чемпионы, Лондонда өткен 2012 жылғы Олимпиаданың қола жүлдегері Ақжүрек Достықұлы Таңатаров еліміздің болашағы жалынды жастарымен кездесуге келді. Кездесу барысында Ақжүрек Достықұлы студенттермен ой бөлісіп, студенттер көкейдегі сұрақтарын қойып, көңіл тоярылықтай жауап алды.

АШЫҚ САБАҚТАР



07.02.2018ж. Оқытушы Т.С.Алимкулова Психология негіздері және коммуникативтік пәні бойынша «Тұлғаның психологиялық құрылымы. Қабілеті, талабы. Темперамент» тақырыбында «Мейіргер ісі» бөлімі 208 топта ашық сабақ өтті.



14.02.2018ж. Дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Б.А.Нұрғабылов гимнастика залында 109 топ "Емдеу ісі" Дене шынықтыру пәнінен ашық сабақ өтті. Тақырыбы: "Гимнастика. Алға және артқа домалау әдісін үйретіп дамыту".



16.02.2018ж. Информатика пәнінен К.Н.Тулегенова «Мейіргер ісі» 202 топта «Microsoft Power Point программасы туралы негізгі түсінік. Презентация құру техникасы: слайдтар мен шаблондар безендіру» тақырыбында ашық сабақ өтті.



22.02.2018ж. Оқытушы Н.А.Касымов 310 топта «Микробиология» пәнінен «Аса қауіпті зоонозды жұқпа қоздырғыштары» тақырыбы бойынша ашық сабақ өтті.

ШЕБЕР-КЛАСС



«Медициналық білім мен ғылымды жаңғырту» Жол карта жобасының «Денсаулық сақтау жүйесінде орта маманды медициналық қызметкерлер ролін арттыру» жобаның іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Ғылым және білімді дамыту орталығы 2018 жылғы 19-20 ақпан аралығында Астана қ. «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша техникалық және кәсіби білім деңгейінің білім беру бағдарламаларын жетілдіру» тақырыпта шебер-классқа «Мейіргер ісі» бөлім меңгерушісі Ж.Б.Мырзагулова қатысты. Шебер-класс өткізген Ханнеле Титтанен - медбикелік оқыту жүйесінің expertі, Финляндия Лахти Университеттің жоғарғы кеңесшісі.

КОЛЛЕДЖШІЛІК ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ



28.02.2018ж. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 10.01.2018жылы Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция

жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауының «Ақылды қалалар», «Ақылды ұлт» үшін бағыты бойынша ІІ-ІІІ курс студенттерінің арасында «Астана-болашақтың қаласы» тақырыбындағы колледжішілік ғылыми-тәжірибелік конференция 2 бөлімнен өтті. 1 бөлім Пленарлық, 2 бөлім Ақпараттық сессия. Бірінші секция. Астананың тарихы: географиялық орналасуы, халқы. Астананың сәулеті-өнері мен мәдениеті. Баяндамашылар «Рухни дамыту орталығында» 305 аудиторияда баяндады. Екінші секция. «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі, маңыздылығы, экономикалық тиімділігі және келешекке көзқарас. Астана жаңа инновациялық технологиялық медицина орталығы 419 аудиторияда. Ақпараттық сессияда екі секция бойынша үздік деп танылған баяндамашылар ұсынылды. Конференцияның қорытындылау және жабылу салтанаты: «Астана-болашақ қаласы» тақырыбынд өткен колледжішілік ғылыми-тәжірибелік конференцияда мазмұнды баяндама жасап, қатысқандығы үшін сертификаттар тапсырылды. Секциялар бойынша үздік деп танылған баяндамалар Алғыс хатпен марапатталды.

МАМАНДАРМЕН КЕЗДЕСУ



2018 жылдың 20 ақпан күні Жамбыл облыстық наркологиялық диспансер маманы Абдикалыкова А.А «Салауаттылық – өмір қуанышы. Ішімдік – У! Жас кезінде дұрыс таңдау жаса», Жігер ЖДО маманы Қойшыбаева Ж.А және психологы Абилядаева Ф.С, СӨС орталығының маманы Сарыбаева Б.Б «Жүктіліктің алдын алу» деген тақырыптарында 304, 219, 209 топтардың студенттеріне дәріс оқып, бейнеролик көрсетті.



“ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ” АЙЛЫҒЫ



05.02.2018 жылы ҚБАЖ меңгерушісі Р. Усеновтің ұйымдастыруымен Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ-ның УПИ полиция аға лейтенанты Холашов Серік Аярбекұлы 1-28.02.2018 ж

аралығы «Құқықтық білім беру және құқық бұзушылықтың алдын алу» айлығы аясында ұйымдастырылған «Кәмелетке толмаған ұл балалар арасында кездесетін қылмыстың және әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбындағы ұлдар жиналысында 1 курс студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



8.02.2018 жылы «Құқықтық білім беру және құқық бұзушылықтың алдын алу» және студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында колледждің І - курс студенттері арасында

тоғызқұмалақтан жарыс өткізіліп, төмендегідей жүлделі орындар марапатталды:

Ұлдар арасында
101 топ студенті Кенжеғараұлы Сұлтан І-ші орын иеленді.
109 топ студенті Құрақ Бексұлтан ІІ-ші орын иеленді
111 топ студенті Жолмұхамбет Нұргелді ІІІ-ші орын иеленді
Қыздар арасында
105 топ студенті Тынышбек Айдана І-ші орын иеленді
106-топ студенті Дүйсенова Гүлзат ІІ-ші орын иеленді
105-топ студенті Темірбек Назерке ІІ-ші орын иеленді
103-топ студенті Раймаханова Салтанат ІІІ-ші орын иеленді



09.02.2018 жылы ҚБАЖ меңгерушісі Р. Усеновтің ұйымдастыруымен Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ-ның ӘЗЗҚКТ инспекторы, полиция майоры Елена Михайловна Пискарева 1-28.02.2018 ж аралығы

«Құқықтық білім беру және құқық бұзушылықтың алдын алу» айлығы аясында ұйымдастырылған «Кәмелетке толмаған қыз балалар арасында кездесетін қылмыстың және әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу», «Ерте жыныстық қатынас пен жүктіліктің, жасанды түсік жасату»

тақырыбында «Емдеу ісі» «Мейіргер ісі» бөлімі 1 курс 101, 103, 109, 111, 114 топ студенттерінің қыздар жиналысына қатысып, «Жолда жүру ережесі», «Қоғамдағы, отбасындағы зорлық-зомбылықтың» алдын алуға бағытталған түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



13.02.2018 жылы Құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы аясында «Құқықтық сауаттылық – заман талабы» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелге Тараз қаласы ішкі істер басқармасы ЖПҚ УПИ полиция аға лейтенанты

Холашов Серік Аябекович, тәрбие жұмысының меңгерушісі Мейрманова Л.К., ҚБАЖ меңгерушісі: Усенов Р.Б., «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Қалымбетова Ж.Б. колледж психологы Өскенбаева Ә.Н. қатысып, студенттерді құқық бұзушылық жасамауға шақырды.



15.02.2018 жылы ЖРО КММ-нің дін проблемаларын талдау секторының инспекторы З.Б. Зүнінқожаның қатысуымен «Діни экстремизм мен терроризмнің зардаптары» тақырыбында колледж студенттерімен кездесіп дәріс оқыды.

20.02.2018 жылы «Құқықтық білім беру және құқық бұзушылықтың алдын алу» және студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында І-курс студенттері арасында дойбы және шахмат жарысы ұйымдастырылып өткізілді. І-ІІ-ІІІ орын алған ойыншылар мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталып төмендегідей көрсеткіштерге ие болды:

Дойбы ойыны жарысынан:
105 топ студенті Серікова Дана І-ші орын иеленді
110 топ студенті Аманқұл Рысжан ІІ-ші орын иеленді
112 топ студенті Дулат Қымбат ІІІ-ші орын иеленді

Шахмат ойыны жарысынан:
113 топ студенті Айтуған Нұрдәулет І-ші орын иеленді
106 топ Есеналиева Раушан ІІ-ші орын иеленді
103 топ Ұзақбай Назерке ІІІ-ші орын иеленді



22.02.2018 жылы Құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы аясында, отбасы құндылығы туралы түсініктерді, отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, сүйе білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету мақсатында «Отбасы – бақыт мекені» атты тренинг өткізілді.



22.02.2018 жылы ҚБАЖ меңгерушісі Р.Усеновтың ұйымдастыруымен Тараз қаласы ІІБ ЖПҚ-нің полиция капитандары А.Н.Жаксыгулов, Б.Ж. Сейтбеков., полиция аға лейтенанты С.А. Холашов және ЖРО КММ-нің инспекторы Г. Еркебековалар «Заң. Жасөспірім. Қауіпсіздік» «Наша қорлыққа жоқ дейміз!» тақырыбында 101, 106, 108, 111 топ студенттеріне дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



22.02.2018 жылы колледж қабырғасында «Құқықтық білім беру және құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында І курс студенттері арасында Жайдарман ойыны ұйымдастырылды. Ойын барысында тақырыпқа сәйкес әзілдер мен қызықты қалжыңдар көрсетіліп төмендегідей марапаттар тапсырылды:
Бас жүлде 110 топ «Неткен жайдарман» командасы
І орын 108 топ «Бекер тумаған бес ұл» командасы
ІІ орын 107 топ «Көз тимесін» командасы
ІІІ орын 106 топ «Мед сұлулары» командасы



23.02.2018 жылы «Құқықтық білім беру және құқық бұзушылықтың алдын алу» және студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында І-курс студенттері арасында үстел теннисінен жарысы ұйымдастырылып өткізілді. І-ІІ-ІІІ орын алған ойыншылар мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталып төмендегідей көрсеткіштерге ие болды:
Үстел теннисінен ұлдар арасында;
І орын Доспанбек Д. 113 топ
ІІ орын Құрақ Б. 109 топ
ІІІ орын Жұмаханов Т. 110 топ
Үстел теннисінен қыздар арасында;
І орын: Үсейін Айдана 109 топ
ІІ орын: Дәнілбек Амина 106 топ
ІІІ орын Альмаханова Айгерім 112 топ



23.02.2018 жылы колледж студенттерімен құқық бұзушылыққа жол бермеу және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ҚБАЖ меңгерушісі Р.Усеновтың ұйымдастыруымен колледж инспекторы, Тараз қаласы ішкі

істер басқармасы ЖПҚ УПИ полиция аға лейтенанты Холашов Серік Аябекович, колледждің психологы Өскенбаева Ә.Н және тәжірибеден өтуші болашақ психолог мамандар Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Балалар мен жасөспірімдердің арнаулы мектебі» КММ-не барып қайтты. Мекеме басшысы Кунтубаев Оспан Оразбекұлы жасөспірімдерді алдағы уақытта құқық бұзықшылық жасамауға, тәртіпті азамат болып, тәрбиелі білім алуға шақырды. Мекеме басшысының орынбасары Қолаханов Нұрдәулет Жаманбайұлы мектеп тәрбиеленушілерінің күн тәртібі, бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін қолданылатын шеберханалар мен тренажер залдарын көрсетіп, қолөнер бұйымдарымен таныстырды.



26.02.2018 жылы ЖРО КММ-нің дін проблемаларын талдау секторының инспекторы Б.Тұтқабаев және З.Б. Зүнінқожаның қатысуымен «Діни сауатсыздық – діни экстремизмнің бастауы» тақырыбында колледж студенттерімен кездесіп дәріс оқыды.

28.02.2018 жылы Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығының педагог-ұйымдастырушысы Паншаева Азиза Рахмантуллаевна және психолог Әлімқызы Жансая колледж студенттеріне дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

